

Келісемін  
«Қостанай облысы  
әкімдігінің білім  
басқармасы» ММ  
басшысы

  
З. Байменова  
2021 жылғы «\_\_» ақпан



Бекітемін  
«Қостанай облысы  
әкімдігінің мәдениет  
басқармасы» ММ  
басшысы

  
Е. Калмақов  
2021 жылғы «\_\_» ақпан



**Ы. Алтынсариннің 180-жылдығына арналған  
«Жас тұлпар» облыстық оқушылар айтысының  
ЕРЕЖЕСІ**

**Өткізілетін мерзімі**

2021 жылғы наурыз айы

**Ұйымдастырушылар**

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;
- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК;
- «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ.

**Мақсаты**

- Болашақ ұрпаққа айтыс өнерін жеткізу, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;
- Ағартушы-педагог, этнограф, фольклоршы Ы.Алтынсариннің мәдени мұрасын дәріптеу;
- Өз ойын поэзия тілімен шебер жеткізе алатын оқушы ақындарды анықтау.

**Айтыстың жалпы сипаттамасы**

- I кезең – аудандар мен қалаларда өтеді;
- II кезең – облыстық айтыс.

**Қатысушыларға қойылатын талаптар**

- қатысушылардың ойдан өлең құрастыру шеберлігі, суырып салмалығы, домбыра тартуы, сөз өткірлігі, тапқырлығы, ұлттық киімде өнер көрсетуі талап етіледі;
- облыстық айтысқа I кезеңнің жеңімпаздары қатысады.

Облыстық ақындар айтысының жеңімпаздары аймақтық, республикалық оқушылар айтысына қатысуға ұсынылады.

**Айтыстың өткізілу тәртібі**

- I кезең – іріктеу кезеңі;
- II кезең – ақтық сын (финал);

- ақындардың айтысу уақытының ұзақтығы – 15-20 минут.

### **Қазылар алқасы**

- қазылар алқасының құрамы елімізге танымал ақын-жазушылардан, айтыс өнерінің қыр-сырын білетін кәсіби мамандарынан тұрады;
- қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды.

### **Өтініштерді тапсыру шарттары**

- қатысушы жайлы толық ақпарат (*аты-жөні, шығармашылық түйіндеме, сыныбы, жетекшісі, байланыс телефоны, айтыстарға қатысқандығы жөніндегі мәлімет*) көрсетілуі керек;
- өтініш [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) электронды поштасы бойынша және Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 үй мекен-жайы бойынша қабылданады (байланыс телефоны: 8 (7142) 56-04-12, 56-01-29).

### **Жол шығындары, тамақтану**

- жол шығындары, тамақтану жіберуші жақтың есебінен.